



АЛАТАУ АРАЙЫ



Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_arayy@mail.ru
www.alatauarayy.kz



АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ,
ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ



№116 (421) // 23 қазан // бейсенбі // 2025 жыл

ӘКІМ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТ

ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ ЕСКЕРІЛДІ



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев Іле ауданындағы жұмыс сапары кезінде тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдаған болатын. Онда Боралдай кентінің тұрғындары, ауыл белсендісі Раушан Өтепбергенова мен Наталья Аношкина елдімекендегі ауызсу жүйесін жаңғырту және жолдардың қалпына келтірілуі мәселесін көтерген еді. Осыған орай облыс әкімі елдімекенге арнайы барып, жобалардың іске асу барысын тексеріп, жергілікті тұрғындармен кездесті.

● Бағдат ШОЙБАС

Кент тұрғындарының айтуынша, соңғы жылдары инженерлік желілердің ұзаққа созылған құрылысы салдарынан жолдар бүлініп, жүру қиындаған. Мұндай жағдайға су құбырын жүргізу үшін қазылған ауылышilik жолдардың дер кезінде жолдан көмілмеуі себеп. Құрылыс компаниясы ала жаздай жұмысты аяқтамай, еш себепсіз созуда. Салдарынан көшенің шаңы аспанға шығып, көлік кептелісі пайда болған. Кент тұрғындарының жүріп тұруына үлкен кедергі келтірген.

Облыс басшысы мәселенің мән-жайына үңілу үшін құрылыс компаниялары өкілдерін шақырды. Мұндағы мәселені екі мердігер компания туындатып отыр. Біріншісі – «Астана Инжкомстрой» ЖШС. Ол сумен камтуды қайта құру жобасын жүзеге асыруда. Жобаның жалпы құны 2,4 млрд теңгеден асады. Тапсырыс беруші – Іле ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі. Аталмыш жұмыс Боралдай кенттік округінің «Водник-3» шағын-ауданының жеке секторын, шағын-ауданның бір бөлігі саналатын Ломоносов және әуежайға алып

баратын тас жолдарды қамтиды. Екінші компания – «Арман АВК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Олар кәріз желілерін қайта құру жобасының екінші кезеңін жүзеге асыруда. Желілердің жалпы ұзындығы 10 шақырымнан асады. Кәріз желілерін реконструкциялау жобасын аяқтау жыл соңына жоспарланып отыр. Ал сумен камтуды реконструкциялау жобасы биыл ішінара аяқталатын болады, жол төсемдерін толық қалпына келтіру жұмысы келесі жылы жүзеге аспақ.

Жағдайды бағамдаған аймақ басшысы басты мақсат – инженерлік инфрақұрылымды жаңарту кезінде тұрғындардың қауіпсіздігі мен өмір сапасына нұқсан келтірмеу екенін айтты.

– Халыққа қолайсыздық тудырмай, жұмыс істеуге болатын жерлерде жұмысты жалғастырыңыздар. Ал қалған учаскелерде жобаны түзеткенше тоқтатыңыздар. Жобаны жасаған маманды шақырып, қажет болса, сотқа беріңіздер, лицензиясынан айырыңыздар. Мұндай жұмысқа жол берілмейді. Егер тағы да тоқтап қалса, балалар мектепке, үлкендер жұмысқа, біреулер ауруханаға жете алмай қалуы мүмкін. Ең бастысы – жолды қалпына келтіріп, тұрғындардың жайлылығын қамтамасыз ету, – деді облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев.

Нәтижесінде тұрғындардың ұсынысы ескеріліп, көшелер толық жабылмайтын болды. Жұмыс балама көшелерде құрылыс толық аяқталып, асфальт төселгеннен кейін ғана басталады. Сонымен қатар облыс басшысына кент тұрғындары тарапынан келіп түскен өтініштердің бірі ауыл ішіне саябақ салу еді. Боралдай кентінде саябақ салу жобасын әзірлеу және оған қажетті жер телімін заң аясында қарастыру аудан және округ әкіміне тапсырылды.

Іле ауданы

Алматы облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқарма басшысы лауазымына Салтанат Дауысбекқызы Беспәева тағайындалды.

ТАҒАЙЫНДАУ

Салтанат Дауысбекқызы 1975 жылы туған. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетін «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша тәмамдаған. 2024 жылы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінде «Ескерлік әкімшелендіру» мамандығы бойынша магистр дәрежесін алған.

Еңбек жолын 2000 жылы Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып бастаған. Кейін аталған мектептің педагог-ұйымдастырушысы, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Еңбекшіқазақ ауданы Қызылшарық ауылындағы Мұхтар Әуезов атындағы орта мектептің директоры болды. Әр жылдары Еңбекшіқазақ ауданының білім және мәдениет бөлімдерінде басшылық қызмет атқарды. Сондай-ақ Алматы облыстық білім басқармасының басшысы, Іле аудандық білім бөлімінің басшысы лауазымдарында қызмет етті.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Қарасай ауданының аумағы арқылы өтетін «Алматы-Бішкек» тасжолының бойындағы ең басты мәселе – көлік кептелісі. Темір тұлпарды тізгіндеушілердің сабырын қашырған осы мәселені шешу мақсатында келешекте жолды кеңейту жұмысы қолға алынбақ. Қазіргі уақытта оның жобасы пысықталып, жүзеге асыру барысы талқыға салынуда. Ал оған дейін көлік ағынын реттеп, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін тасжолдың бойында уақытша амалдар қарастырылуда.

БАҒДАРШАМ ОРНАТЫЛДЫ



Осы мақсатта жақында күре жолдағы кептеліс жиі болатын Долан мен Алмалыбақ ауылын жалғайтын жаяу жүргіншілер жолағына бағдаршам орнатылды. Қарасай аудандық полиция басқармасы әкімшілік полиция бөлімінің бастығы Баукен Байымбетовтің айтуынша, бұл жерде батырма арқылы басқарылатын бағдаршам жұмыс істеп тұр. Яғни, ары-бері өтетін тұрғындар тетікті басу арқылы қарсы бағытқа өте алады. Сонымен қатар алдағы уақытта тасжолдың 21-шақырымында тағы бір бағдаршам орнату жоспарлануда. «QazAvtoJol» ҰК» АҚ Алматы облыстық филиалы директорының орынбасары Дінмұхамед Нұрмұханбеттің сөзіне сүйенсек, жергілікті халық пен әкімдіктің сұранысы бойынша трассаның 21-шақырымында (көбісі 19 км деп атап кеткен) Алматы қаласына тікелей бағыт алатын бұрылыс жолағы салынады.

– «Алматы-Бішкек» тасжолындағы көлік кептелісін азайту мақсатында үш жолақты айналма бұрылысын жасап жатырмыз. Сондай-ақ бұл жерде жол қозғалысын реттейтін бағдаршам болады. Мұның бәрі уақытша екенін айта кету керек. Өйткені тасжолға қатысты ауқымды жоба жүзеге асқаннан кейін бәрі қалпына келеді, – деді «QazAvtoJol» ұлттық компаниясының өкілі.

Дидар МӘЛІҚҰЛЫ

Қарасай ауданы



БАСПАСӨЗ – 2026

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2026 жылға газетке жазылу науқаны басталды. Газетімізге «Kaspi» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.



ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны,
Тілі бай, қазынасы мол бағалы.
«Алатау арайына» жазылыңыз,
Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласа аласыз:
87476881741, 87082109571

«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті
редакциясының мекенжайы:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ЖАЛПЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ (жыл бойы):

Жазылушылар	Индексі	6 айға		12 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	5742,72	5742,72	11485,44	11485,44
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	10614,24	7326,72	21228,48	14653,44
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5382,72	5382,72	10765,44	10765,44

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ (6 немесе 12 айға):

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3500	7000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	5000	10000
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ (6 немесе 12 айға):

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	4000	8000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	6000	12000
ҰОС қатысушыларына, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.

2025 – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕРТЕҢІ ЖАРҚЫН

пайдасын тигізіп, оларды оң өзгеріске бастайтын көшбасшыға айналдыратынына сенемін, – деді Ғани Айдарұлы.

Форум барысында «Jas Talks» панельдік сессиясы ұйымдастырылды. Онда арнайы шақырылған спикерлер – «Дәулет-Бекет» ЖШС басшысы Сыдық Дәулетов, «Шин Лайн» қайырымдылық қорының президенті Дамир Дигай, облыстық мәслихат депутаты Сергей Горяной пайдалы ақпараттарды ортаға салып, өз тәжірибелерімен бөлісті.

– Сессияда жастардың кәсіпорындарда жұмыс істеуі, олардың кәсіби тұрғыда дамуына қатысты сауалдар қойылды. Біз ауылдан шыққан жастарға өз туған жерінде жұмыс істеп, өсуіне жағдай жасауымыз керек. Баспанамен қамтып, шетелдерде білім алуына, әлеуметтік жағдайын жақсартуға көңіл бөлуіміз қажет. Тәжірибе жинақтап, кейін өз кәсібін ашып, аяқтан тұрса деген де ниетіміз бар. Бәріміз қаралайым жұмысшы болып ісімізді бастадық. Қазір әлемге танылған шаруашылық иесі болдық. Сондықтан әр жас еңбек етіп, өз кәсібінің шыңына шыққанын қалаймын. Қазір дүниежүзінде табиғи өнімге сұраныс артуда. Сондықтан ауылда, елдімекендерде егін егіп, атакәсіппен айналысса, нәтижесі де көңілге қонымды болады деп ойлаймын. Алдыңғы буын ағалардың ақыл-кенесін тыңдап, тәжірибесіне үңілсе, өмірлік жолын тандауда қателеспейді деп сенемін, – деді Сыдық Әбуұлы.

Шараға қатысқан Жасұлан Наурызбеков автоэлектр мамандығында оқып, қазір осы бағытта жұмыс істеп жүргенін айтты. «Автоэлектр маманы қазіргі қоғамда аса қажет. Бірақ жастар бұл мамандықта оқудан қашады. Мен керісінше мұның маңызды екенін айтып, түсіндіремін. Жұмысым өзіме ұнайды. Адамдармен қарым-қатынас орнатып, автокөлік бөлшектерін құраудың өзіндік ләззаты бар. Сессия барысында еңбегінің арқасында үлкен жетістікке жетіп, биік белестерді бағындырған спикерлердің әңгімесі ерекше әсер сыйлады. Алған бағыттан жаңылмай, арманымызға адал болсақ, біздің де диттеген мақсатымызға жететін күн алыс емес», – деді ол.

Сессиядан кейін қатысушылар Іле ауданындағы «Дәулет-Бекет» түйе шаруашылығына және «Шин Лайн» кәсіпорнына барып, өнімнің қалай шығарылатынына куә болды. Ал келесі күні Кеген ауданындағы Қара шатқал мен Көлсай көлдеріне экскурсия жасап, тұмса табиғаттың көркем бейнесін тамашалады. Сондай-ақ жастар топтық және көшбасшылық жұмысқа бейімделуге бағытталған дәрістер мен зияткерлік ойындар, мәдени шараларға да қызығушылық танытып, білім-танымын тереңдетті. Слеттің жабылу салтанаты Қара шатқалда өткізіліп, қорытынды кеште белсенділік танытқан жұмысшы жастар марапатталды.



● Гүлзат БАЙҚОНЫСОВА

– Бұл форум – кәсіби тәжірибе алмасу алаңы ғана емес, рухани нәр сыйлайтын мәнді жоба. Қатысушыларға өзекті мәселелерді бірге талқылап, тың идеялармен шабыттануға мүмкіндік береді. Жастар – еліміздің тірегі, экономикамыздың қозғаушы күші. Сондықтан да жастарға үлкен сенім артылады. Бүгінде елімізде жұмысшы мамандық иелері аса қажет. Өндірісте, ауыл шаруашылығында, көлік пен құрылыс саласында білікті, жауапты мамандар саны тапшы. Мемлекет басшысының осы жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялауы бекер емес. Облысымызда жұмысшы жастарды қолдау бағытында нақты жобалар жүйелі түрде жүзеге асырылады. Дуалды оқыту, жастар тәжірибесі, өндірістік тағылымдамалар және алғашқы жұмыс орындарына тұжырымдама беру сияқты бағдарламалар – болашаққа сенімді қадам басуға берілген мүмкіндік. «Жас келсе – іске!» дейді дана халқымыз. Қатысушылардың шара кезінде алған білімі мен тәжірибесі болашақта

ӘРБІР ШЕШІМ МАҢЫЗДЫ

Облыстық әкімдіктің мәжіліс залында мәслихаттың кезекті сессиясы өтті. Жылыға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, басқарма басшылары мен облыстық мәслихат депутаттары, онлайн режимде аудан әкімдері мен мәслихат төрағалары қатысты. Күн тәртібіне енгізілген 7 мәселенің алғашқы 4-еуі ашық талқыланып, қалғандары депутаттардың өз ішінде қаралды.

● Ерзат АСЫЛ —

Сессия жұмысын ашып, жүргізген облыстық мәслихат төрағасы Қуат Байғожаев қаралатын алғашқы мәселе 2024 жылғы 18 желтоқсандағы №31-160 «Алматы облысының 2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджеті туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы екенін айтып, облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Асылан Оразға сөз берді. Асылан Саматұлының айтуынша, биыл аймақтың бюджеттік шығындары 853 млрд теңге деп жоспарланған. Бөлінген қаражаттың басым бөлігі әлеуметтік саланы дамытуға және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға бағытталған. Оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау және әлеуметтік қорғау бағытындағы жобаларды жүзеге асыруға айрықша көңіл бөлінген.



Суретті түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

«Облыстың меншікті кірісі де жыл сайын өсіп келеді. Биыл бұл көрсеткіш 856 миллиард теңгеге жетеді деп күтілуде. Түсімнің негізгі бөлігін акциздік салықтар құрап отыр. Биыл нақты 33 миллиард теңге көлемінде бюджеттік қолдау көрсетілді. Оның басым бөлігі білім беру саласына бағытталды», – деді ол.

Келесі кезекте пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің мөлшері белгіленді. Аталған мәселе бойынша облыстық жер қатынастары басқармасының басшысы Аманжол Әбдірахманов баяндама жасады. Ол ҚР Үкіметінің қаулысымен Алматы облысының шекарасы бекітілгенін және ҚР Президентінің 2024 жылғы 9 қаңтардағы №432 Жарлығымен Алатау қаласының құрылуына орай пайдалануға берілетін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерінің

ЛОГИСТИКА

Жаңа парк

Экономиканы жаңғыртып, алға ілгерілетуде логистикалық инфрақұрылымды дамыту үлкен рөл атқарады. Осы бағыттағы ірі жобалардың бірі – Талғар ауданының Панфилов ауылдық округі аумағында салынып жатқан жаңа Еуразиялық логистикалық парктің құрылысы. Бұл парк жай ғана логистикалық орталық емес, 50 мың шаршы метрлік қойма ғимараттарын сыйдыра алатын маңызды халықаралық инфрақұрылымдық нысанға айналмақ.

● Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ —

«Еуразиялық логистикалық парк» ЖШС-ның атқарушы директоры Роман Жужлевтің айтуынша, бұл логистикалық кешен Мемлекет басшысының Жолдауы мен бәсекеге қабілетті және орнықты экономика құру, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында ел инфрақұрылымын дамытуға бағытталған 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспары аясында құрылатын халықаралық маңызы бар нысан болып саналады. Жобаның құны – 22 млрд теңге.

– Бүгінгі таңда Қазақстанда қойма ғимараттарының тапшылығы айтарлықтай сезіледі. Сондықтан, біз іске асырып жатқан жоба осы проблеманы шешу жолындағы маңызды қадам деуге болады. Айта кету керек, біз логистикалық орталықтарды дамыту мен салудың рессейлік тәжірибесін пайдалана отырып, қазақстандық логистикалық алаңдарды сапалы мазмұнмен қамтамасыз ету, оларды халықаралық сапа стандарттарына жақындату бойынша стратегияны ұстанамыз. Бұл қазіргі проблемалар тұрғысынан өте маңызды. Парк Алматыдан 30 шақырым қашықтықтағы Панфилов ауылындағы жер учаскесінде, ҰАААЖ (Үлкен Алматы айналма автожолы) жол айырығына жақын жерде бой көтеретін болады. Оның логистика үшін бірнеше елеулі артықшылығы бар. Бірінші кезекте Қытайдан келетін импорттық өнімдері бар жүк көліктері үшін кіру ыңғайлы болады. Бұл Алматыны және Қазақстанның басқа қалаларын аталмыш импорттық тауарлармен

мөлшерлерін бекіту қажеттілігі туындатып отырғанын айтты.

Сессия жұмысында келесі талқыланған мәселе – жайылымдық жерлерді тиімді әрі ұтымды пайдалану жайында ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Ғалым Токпейсов баяндама жасады. Оның айтуынша, мал азығының шамамен 70 пайызы жайылымдар есебінен қамтамасыз етіледі. Жайылымдық жерлердің жүктемесі біркелкі бөлінбеген. Облыстың қала маңындағы аудандарында артық жүктеме байқалса, ал таулы және шалғай аймақтарда жайылым әлеуеті толық пайдаланылмай отыр. Осы тепе-теңдікті қамтамасыз ету және ресурстарды реттеудің нақты тетіктерін енгізу үшін қазіргі өзекті мәселелерге сай нормативтік құжат қажет. Осы мақсатта «Алматы облысы бойынша ауыл шаруашылығы жануарларын жаңо қағидалары» атты өңірлік құқықтық акт жобасы әзірленген. Аталған құжатта жайылымдарды ұтымды пайдалану, жүктемені теңестіру және жердің тозуының алдын алу жағдайлары ескерілген.

Сессияда жерүсті су ресурстарын пайдаланғаны үшін 2025 жылға арналған төлемақы мөлшерлемелері де бектілді. Бұл ретте су ресурстары және ирригация басқармасының басшысы Саят Қараласов баяндама жасап, төлемақы мөлшерлемелеріндегі өзгерістер жайын ортаға салды. Оның сөзінше, су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесін есептеу әдістемесі «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы

кодексінің 569-бабына сәйкес әзірленген.

«Жаңа төлемақы мөлшерлемелері негізінде тұрғын үй пайдалану және коммуналдық қызметтер үшін 1000 текше метр суға – 659 теңге, жылу энергетикасы және өнеркәсіп үшін 1000 текше метр суға – 1 819 теңге, ал ауыл шаруашылығы үшін 1000 текше метр суға 523 теңге төлем алынады», – деді Саят Маратұлы.

Сессияда облыс әкімдігінің дербес құрамын келісу, бюджет комиссиясының құрамын бекіту және мәслихаттың кейбір шешімдерінің күшін жою мәселелері де талқыланды. Сессияны қорытындылаған облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев қабылданған шешімдердің маңызына тоқталды. Ол аймақтың стратегиялық даму бағытын жүзеге асыруда әрбір шешімінің уақытылы әрі сапалы орындалуы басты шарт екенін атап өтті.

сенімді қамтамасыз етуге, кептелістерді айналып өтіп, Алматының кез келген бөлігіне жылдам кіруге мүмкіндік береді. Ол өз кезегінде тауарларды жеткізу үдерісін жеделдетеді. Оның үстіне, Алматы арқылы Еуропа, Азия мен Каспий өңірін қосатын негізгі халықаралық логистикалық дәліздердің бірі өтеді. Бұл бағыт қойма және көлік инфрақұрылымын кеңейтуге мүмкіндік жасайды, әсіресе қойма алаңдарының тапшылығы үлкен Алматы үшін аса маңызды.

Қазіргі уақытта Қазақстанның қойма нарығының көлемі 1,3 млн шаршы метрді ғана құрайды, бұл ретте Алматыда қойма алаңдарының тапшылығы 0,7 млн шаршы метрден асады. Қазірдің өзінде біз салып жатқан жобаға отандық өндірушілер ғана емес, шетелдік клиенттер тарапынан да жоғары сұраныс байқалады, өйткені қойма ғимараттары «А» сыныбындағы жоғары заманауи алаңдар санатына жатады. Бұдан басқа, компания халықты жұмыспен қамту мәселелерін шеше отырып, 300 адамға дейін жергілікті тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуді мақсат етіп отыр. Жобада бірнеше корпустың, әкімшілік және өндірістік, сондай-ақ кеңселердің, медициналық пункттердің, тұрмыстық мақсаттағы нысандардың құрылысы көзделген. Аумағы 13 гектардан асатын учаскеде тек қойма бөлмелері ғана емес, 30 жүк автомобилі мен 52 жеңіл көлікке арналған тұрақ та болады. Соның арқасында 2029 жылға қарай Қазақстан ірі өңірлік сауда-логистикалық хабтардың біріне айналады, – деді болашақ логистикалық парктің ел экономикасындағы алатын орны жайлы әңгімелеген Роман Жужлев.

Ресейдің өнеркәсіптік кәсіпорындарының басшылық қызметінде бай тәжірибесі бар Роман Қазақстанда 2019 жылдан бастап жұмыс істейді және жоба өңірге айтарлықтай экономикалық серпін беретініне нық сенімді. Оның айтуынша, күрделі шығындар көлемі 22 млрд теңгені және жобаның алғашқы он жылында күтілетін түсім 50 млрд теңгені, ал салық төлемдері 18 млрд теңгені құрамақ. Құрылысты жыл соңына дейін аяқтау көзделген. Сондай-ақ келешекте алаңдарды одан әрі кеңейту және инвестиция тарту жоспарда бар.

Талғар ауданы



2025 – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ



Майталман механизатор

1970 жылы Кеген ауданының Бөлексаз ауылында дүниеге келген Санат Керімбайұлы жастайынан техникаға әуес болады. 1990 жылы әскери борышын өтеп жатқан соң көп өтпей шаңырақ көтеріп, өзінің кіндік қаны тамған «Бөлексаз» кеңшарында механизатор ретінде қызу еңбекке араласады. Өмірден түйгені көп алдыңғы буын ағалардан үлгі ала жүріп, білікті маманға айналады. Сол бір жастығы жалындаған жылдары күз бен қыста ауылдарға мал азығын тасымалдаса, ал көктем шыға салысымен қайнаған тіршілікке араласады. Таңсәріден егістік алқабына кетіп, кеш бата ғана үйге оралатын кейіпкеріміз жер жыртқып, дән сеуіп, егін жиылғанға дейін бір тынбай тер төгеді. Сөйтіп қиын-қыстау кезеңде елінің енесін тіктеуіне есепті үлес қосады. Ал 2006 жылдан бері Кеген аудандық электр тарату торабында өнімді еңбек етіп келеді. Технологиялар үздіксіз дамып жатқан әлемде электрліктер ертенгі жарқын күннің таптырмас көпір салушыларына айналғалы қашан? Олар жай ғана электр тоғын өткізіп қоймайды, болашақтың жарығын жағады деуге болады. Сондықтан Аспантаулар аясын жарыққа бөлеуде тыным таппай тер төгіп жүрген Санат ағаның атқарып жатқан қызметі зор. Ол

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС

Жылдан-жылға өндіретін тауарларын шетелдерге экспорттайтын отандық кәсіпорындардың саны артып келеді. Олардың бірқатары Алматы облысына қарасты Қарасай ауданында да орналасқан. Соның бірі – таяуда тауық табанының өндірісін іске қосқан «Bi Star Group» ЖШС. Қаскелең қаласындағы бұрынғы жеміс-жидек консерві зауытының өндірістік базасында жұмысын бастаған кәсіпорынның директоры Азамат Жаппасовтың айтуынша, жұмыс еткен жылы желтоқсан айында басталып, толық өндірістік айналым қыркүйек айында жүйеленген. Оған құйылған жеке инвестиция көлемі – 160 млн теңге.

ТАБЫСҚА ЖЕТЕЛЕЙДІ

Жалпы, Қазақстанда тауық табандары итке арналған тағамдарға қосу үшін сатып алынады. Ал мемлекетімізге көршілес жатқан әлемдегі ең ежелгі өркениеттердің бірі болып табылатын Қытай елінде бұл өнім буындарды емдеуге арналған дәрі ретінде қолданылады. «Bi Star Group» ЖШС басшылығы өз кәсібін көршілес халықтың осы бір қажеттілігін ескере отырып, іске асыра бастаған.

Азамат Сабырұлының сөзінше, бұрынғы зауыттың өндірістік базасына биылғы желтоқсан айында қытайлық құрал-жабдықтар әкелініп орнатылса, тамыз айында сынақ ретінде тауық аяқтарының алғашқы топтамасы дайындалған. Ал қыркүйек айында толық өндірістік айналым құрылды. Инвестиция ретінде құйылған 160 млн теңгенің көбі құрал-жабдық алуға жұмсалды.

Қажетті шикізат, яғни тауықтың аяқтары басқа отандық өндіруші – «Алель Агро» АҚ-нан сатып алынады. Барлық шикізат та, дайын өнім де арнайы тоназытқышқа сақталады. Өндіріс орнында төрт тоназытқыш орналасқан. Оның бірі – амортизатор. Ондағы ауа температурасы минус 40 градусқа жетеді, ал басқаларында минус 20 градусқа дейін барады.

– Арнайы тоназытқышқа қойылатын өнімдер әп-сәтте қатып қалады. Содан кейін олар тұтынушыларға жіберілгенге дейін кәдімгі тоназытқыш камераларында сақталады. Жалпы, өнімнің бұл түрін шығаруды қолға алуымыздың басты себебі – тауықтың табаны үлкен сұранысқа ие Қытай Халық Республикасымен іскерлік қарым-қатынас орнату. Қазір Қазақстан мен Қытай арасында біздің өнімдерді Қытайға экспорттау жөнінде келіссөздер жүргізілуде.

Айта кетейін, бұл елге тауықтың аяқтары әртүрлі елден, соның ішінде Бразилия, Иран, Парагвайдан әкелінеді. Алайда біздің қазақстандық құс еті химиялық заттарсыз, жақсы жағдайда ұсталған. Сондықтан біздің экологиялық таза өніміміз бәсекеге қабілетті. Оған сұраныс жоғары болатынына сенімдімін, – деді Азамат Жаппасов. Кәсіпкердің айтуынша, тауық аяқтары адам ағзасының құрылымдық тұтастығының негізі болып табылатын коллаген мен шеміршектің көп болуына байланысты буындарға аса пайдалы. Олар буын шеміршегін қалпына келтіруге және нығайтуға, оның қозғалғыштығы мен

осынау еңбегі үшін сан рет марапатқа да ие болды. Бірақ онысын еш бұлдап көрген емес.

«Мен алғаш тракторға 20 жасымда отырдым. Қарап тұрсам, содан бері 35 жыл өтіпті. Нәсібімді осы техникадан тауып келемін. Кез келген істе төккен тер жауапсыз, нәтижесіз қалмайды. Бастысы, адал қызмет жасау керек. Мен жақындарыма үнемі осыны айтып отырамын. Өйткені адал еңбек ешқашан құндылығын жоймайды», – дейді кейіпкеріміз.

Бүгінде ұрпақ өрбітіп отырған Санат аға зайыбы, бастауыш сынып мұғалімі Әсемгүл Елеусізқызы екеуі екі қыз тәрбиелеуде. Оларға да адал еңбектің наны тәтті екенін түсіндіріп, балаларына тағылымды тәрбие беріп келеді.

Қазіргі таңда еңбектің мән-маңызы арта түскені ақиқат. Еңбексіз өмірдің мәні де, сәні де жоқ екені, онсыз елді дамытып, өркендету мүмкін емес екені белгілі. Қарапайым еңбек адамының жұмысы ел экономикасының артуына көп үлес қосатыны анық. Осы тұрғыдан алғанда майталман механизатор Санат Әлімбаевтың ауыл-аймақты дамытуда сіңіріп жатқан еңбегі өлшеусіз.

Ермұрат МҰҚЫРБАЙ
Кеген ауданы



серпінділігін жақсартуға көмектеседі, артрит кезінде ауырсынуды азайтады. Сонымен қатар тауық аяқтарының құрамында сүйек пен дәнекер тіндерді қоректендіретін кальций, фосфор, калий және В дәрумендері бар.

Жаңадан іске қосылған цехтың алаңы 1200 шаршы метрді құрайды. Айта кету керек, жалға алынған үй-жайлар барлық қажетті стандарттарға сәйкес салынған. Анығырақ айтқанда, өндіріс орнындағы едендер арнайы материалдан жасалған. Жұмыстан тыс уақытта цехтарда ультракүлгін, яғни кварцты өңдеу жүргізіледі. Бұл пайда болуы мүмкін вирустарды, бактерияларды, саңырауқұлақтарды және зенді жоюға, жалпы цехтың ішін зарарсыздандыруға көмектеседі.

Өндірістік айналым туралы айтатын болсақ, ол бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен тауық табандары мұқият жуылады және арнайы аппарат арқылы қажет емес теріден тазартылады. Сонымен қатар +60 градус температурада термиялық өңдеуден өткізіледі.

Дайын аяқтарды жұмысшылар тексеріп, қара өсінді секілді ақаулықтары барларды пышақпен тазалайды. Мұнан соң аяқтардан жіліншіктің кішкене бөлігі алынады. Олар ірі қара мен ұсақ мал азықтандыруға, шошқа және құстарға дәруменге минералды қосымша ретінде пайдаланылатын сүйек ұнын жасауға жіберіледі. Қазірдің өзінде бөлінген аяқтар салмағы мен өлшемі бойынша сұрыпалады. Ең ірілері үшінші санатқа жатады. Олардың барлығы салмағын ескере отырып оралған.

Кәсіпорынның өндірістік қуаттылығы тәулігіне 6 тоннаға дейінгі өнімді құрайды. Жұмыс орындарының саны – 23. Мұндағы жұмысшылар негізінен Қаскелең қаласы мен жақын маңдағы ауылдардың жергілікті тұрғындары. Жаңа тапсырыстар түскен сайын өнімділікті 8 тоннаға, жұмыс орнын 40-қа жеткізу жоспарлануда.

Жұмысын бастағанына аз уақыт болса да «Bi Star Group» ЖШС-ның ауқымы үлкен. Ол болашақта Қазақстан мен Қытай арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту үшін маңызды стратегиялық бизнеске айналуы әбден мүмкін.

Ақтоты МЫРЗАБЕКҚЫЗЫ
Қарасай ауданы



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

АЛДЫН АЛСА, АЛАЯҚТЫҚ АЗАЯДЫ

Киберқылмыспен күрес, онлайн-алаяқтық санын азайту, сонымен қоса интернеттегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін елімізде «Киберқалқан» бағдарламасы қолға алынғаны белгілі. Осы жүйе негізінде атқарылған іс-шаралар өз нәтижесін беруде. Десек те, алаяқтар әлі де айылын жиыар емес. Кибершабуыл тоқтаусыз жүріп жатыр.

● Бағдат ШОЙБАС

Осыған орай Іле ауданы Өтеген батыр ауылында киберқауіпсіздіктің алдын алу үшін «Заң мен тәртіп» тақырыбында облыстық семинар өтті. Жиынға Алматы облысы бойынша экономикалық тергеу департаментінің аса маңызды істер жөніндегі жедел өкілі Меруерт Еркінқызы мен облыстық полиция департаменті киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аса жедел өкілі Керім Әлібек, сондай-ақ ауыл тұрғындары мен белсенді азаматтар қатысты. Маңызды шараны облыстық ардагерлер ұйымының төрағасы Ерболат Тұрymbетов ашып, жүргізіп отырды.

Меруерт Еркінқызының сөзінше, алаяқтар саны артуының бірнеше себебі бар. Соның бірі ретінде сарапшы азаматтардың жеке деректері қолды болуынан киберқылмыс артқанын атап өтті. «Биыл наурыз айының бас

сының дамуына сөзсіз ықпал етеді», – деді Меруерт Еркінқызы.

Жиында облыстық полиция департаменті киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының аса жедел өкілі Керім Әлібек кибергигиена мәдениетін дамыту мектептен басталуы керек екенін атап өтті. «Мектепте кибергигиена туралы сынып сағатын ұйымдастыруға болады. Екіншіден, киберқауіпсіздіктің негіздері мен киберқауіпсіздік туралы бастауыш сыныптарға арналған курстарды дайындау қажет», – деді сарапшы.

Мамандардың пікірінше, интернеттегі алаяқтықтың алдын алу үшін халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру керек. Пандемия тұсында барлық сала онлайнға көшкендіктен, елдегі интернеттің сапасы да, қолданушылар саны да өскен. Мәселен, 2023-2024 жылы бұл көрсеткіш 81 пайыз болса, биыл 92 пайызға жеткен. Бұл онлайн-алаяқтықтың көбеюіне әкеліп соғуда.



кезінде танымал сервистің екі миллион пайдаланушысының жеке деректері жеміге тарап кетті. Интернеттегі алаяқтар сол арқылы қылмыс жасауды үдетті. Бұл тек бір ғана мысал», – деді ол.

Азаматтардың жеке деректерінің тарап кетуі тек Қазақстанда ғана емес, әлемде үлкен проблемаға айналып отыр. Маманның пікірінше, біздің киберқауіпсіздік саласында екі үлкен мәселе бар. «Олар – кадр жетіспеушілігі және кибергигиена шараларының сақталмауы. Қазіргі таңда осы олқылықтың орнын толтыру үшін Үкімет бірқатар шараны қолға алды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Цифрландыру, ғылым және инновациялар есебінен технологиялық серпін» ұлттық жобасы шеңберінде жоғары санатты IT-маманын даярлауды тапсырды. Осы мақсатта өткен жылы елімізде алты IT-мектеп ашылды. Ал биыл облыстар пен кейбір қалаларда бес мектеп ашу жоспарланған. Сонымен қоса қазір ақпараттық қауіпсіздік кафедрасына жыл сайын гранттар саны да көбейіп жатыр. Білікті мамандар санының артуы киберқауіпсіздік сала-

Сондықтан мамандар бағдарламалар мен операциялық жүйелерді жаңартып отыруға, банк картасының деректерін, шот нөмірін және қауіпсіздік кодын бөгде адамдарға айтпауға, заңды болып көрінетін, бірақ зиянды болуы мүмкін деректерін енгізбеуге кеңес береді.


«Банк картасының пин-кодын, телефон нөміріне келетін СМС-кодты ешкімге айтпау керек. Егер сізге банктен немесе полициядан деп хабарласып, жеке деректеріңіз бен банктегі шотыңызды сұраса, тұтқаны қол салу керек. Сіздің банк картанызға таныс емес кісіден қаражат аударылған болса, ақшаны кері қайтармаңыз. Ол үшін банкке барып, ақшаны кері аудару туралы мәлімдеме жазыңыз. Өйткені осы тәсіл арқылы қылмыскерлер ақшаның ізін жасыратынын есте ұстаған жөн. Жалпы азаматтар біз көрсеткен алдын алу шараларын үнемі есте ұстаса, интернеттегі алаяқтық құрбандары азаяр еді», – деді Керім Әлібек.

Іле ауданы

АРНАЙЫ РЕЙД

Тіл – халықтың жаны, рухының тірегі. Ал мемлекеттік тілдің мәртебесін сақтау – әр азаматтың борышы, әр мекеменің міндеті. Осы ұстанымды негізге алған Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Алматы облыстық филиалының өкiлдері Іле ауданының орталығы Өтеген батыр ауылында және Алатау қаласында мемлекеттік тіл туралы талаптардың орындалуына бағытталған рейд жүргізді.

ҚАЗАҚШАСЫ ҚАЙДА?



● Құралбек СӘБИТОВ

Бұл іс-шараның басты мақсаты – «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Заңның 21-бабында көрсетілген деректемелер мен көрнекі ақпараттың мемлекеттік тілде дұрыс жазылуы, маңдайша мен жарнамаларда орфографиялық және аударма нормаларының сақталуын бақылау. Сонымен қатар «Жарнама туралы» және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заң талаптарын түсіндіру, қажет жағдайда «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» кодекстің 75-бабы негізінде ескерту жасау да назардан тыс қалмады.

Рейд жұмысына Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының басшысы Гүлзира Сейітбекқызы, орынбасары Күләйша Бейсембаева, «Қазақ тілі» қоғамы Іле аудандық филиалының төрағасы Қарлығаш Бұдүғұлова және облыстық «Алатау Арайы» газеті қатысты. Біз алдымен аудандық әкімдікке бас сұғып, ондағы өткізу аппаратының орысша сайрап тұрғанына қынжылдық. Қазақша сөйлетпесе де, дауысын басып қойса, тілге деген зор құрмет болар еді. «Мемлекеттік мекеменің өзі мемлекеттік тілде сөйлемесе, халықтан қалай талап етеміз?» деген орынды сауал көкейге оралды. Тексеріс барысында Өтеген батыр ауылындағы өрнектің көбі өзге тілде екенін аңғардық. Әсіресе, Заманбек Батталханов 7 «В» көшесінде орналасқан ғимарат айрықша назарымызға ілікті. Бұл жерде түрлі компания мен шағын кәсіп иелерінің кеңселері шоғырланыпты. Сыртқы маңдайша мен жарнаманың барлығы дерлік орыс тілінде ғана жазылған. Мұнда мамандар бірнеше кеңсеге кіріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізбек болды, алайда басым бөлігі жұмыс орнында болмады. Тек бір компания өкілі ғана жауапкершіліктен

жалтарып, «Бұл мәселе бойынша басшылық шешім қабылдайды» деп қысқа қайырды. Жұмыс тобы оларға арнайы заң талаптарын жазылған жадынама қалдырып, бір ай ішінде түзету керектігін ескертті. Бұл жадынамада «Деректемелер мен көрнекі ақпараттың мәтіні мемлекеттік тілде сол жағында немесе жоғары жағында, орыс тілінде оң жағында немесе төменгі жағында орналасуы тиіс» деп көрсетілген.

Одан соң тексеру тобы аудан орталығындағы дәмханалардың біріне бас сұқты. Мұнда мәзірдің бір бөлігі қазақ тілінде жазылғанымен, көрнекі жазулар түгелдей орыс тілінде. Асхана иесіне тіл нормалары түсіндіріліп, кемшіліктерді жою үшін бір ай уақыт берілді. Кәсіпкер бұл талапты түсіністікпен қабылдап, олқылықтарды түзетуге уәде етті. Артында Жансүгіров көшесіндегі сүзбе дайындайтын шағын дүңгіршектің маңдайшасында «Мы открылись» деген үлкен жазу көзге оттай басылды. Бұл жерге де арнайы топ кіріп, ескерту жасап, жарнаманы алып тастауды және тағам атаулары мен бағаларын мемлекеттік тілде көрсету қажеттігін айтты. Орысша жарнама сол сәтте алынып, өзге қателіктер де көп күттірмей түзетілетіні айтылды. Сол көшедегі телефон жөндеу орталығы, шаштараз және киім дүкендеріндегі жазулар да бірдей сипатта – толықтай орыс тілінде. Барлығына түзету міндеттелді.

Түс ауа тексеру тобы Алатау қаласына бағыт алды. Мұнда комиссияның «Қазақ тілі» қоғамының қалалық өкілі Аралым Жассылық күтіп алып, бірнеше нысанды бірге аралады. Асханалар мен самса сататын дүңгіршектерде, тігін шеберханалары мен шаруашылық дүкендерінде де тілдік талаптар сақталмаған. Қоғам мүшелері бұл орындарға да арнайы жадынама қалдырып, «Тіл туралы» Заң талаптарын

нақты түсіндірді. «Егер белгіленген мерзімде түзетулер енгізілмесе, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық кодексінің 75-бабы негізінде айыппұл салынады», – деп қатаң ескерту жасалды. Рейд барысында мамандар кәсіп иелеріне «Жарнама туралы» Заңның 6-бабын да

еске салды. Онда Қазақстан аумағындағы жарнама қазақ тілінде, қажет болған жағдайда орыс және басқа тілдерде де таратылады деп нақты жазылған. Ал «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Заңның 24-бабы бойынша сатушы немесе қызмет көрсетуші тұтынушыға мемлекеттік тілде толық әрі түсінікті ақпарат беруге міндетті. Қоғам өкілдері бұл талаптар – жазалау емес, тәртіп орнату мен ана тілінің беделін арттыру жолындағы ізгі шара екенін атап өтті.

Міне, солай бір күндік рейд барысында Өтеген батыр ауылы мен Алатау қаласындағы оннан аса нысанға түсіндірме жұмысы жүргізілді. Кейбір кәсіпкерлер олқылықтарды сол күні-ақ түзетіп, жаңа жазулар іле бастады. Бұл көңіл қуантатын көрініс тіл жанажырларының еңбегі еш кетпегенін аңғартты. Осы орайда Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының басшысы Гүлзира Сейітбекқызы рейд жұмысының нәтижелі өткенін айтып, тіл заңдылығын сақтау баршаға ортақ мәдениетке айналуы тиіс екенін алға тартты. Сондай-ақ аталмыш рейдтік шаралар алдағы уақытта басқа аудан, қалаларда да өткізілетінін тілге тиек етті.

Іле ауданындағы рейд жай бақылау емес, санаға салынған сабақ болды. Мамандардың тіл мәртебесін ұлықтап жатқан жұмысын көрген тұрғындар да жылы лебізін білдіріп, мемлекеттік тілге құрмет – елге құрмет екенін жеткізді. Тілдік норманы сақтау – заң талабы ғана емес, азаматтық ардың өлшемі екенін сөз еткен Күләйша Бейсембаева бүгін жадынама түрінде таратылған ескертулер ертең елдік намысқа айналып, әр маңдайшада, әр жарнамада қазақ тілінің айбары асқақтаса, бұл жұмыстың жемісі сол болатынын айтты.



Болашаққа инвестиция: кәмелетке толған қазақстандықтар «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша 22,29 млн доллардан астам қаражат пайдаланды

2025 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша бағдарлама басталған сәттен бері (2024 жылғы 1 ақпан) уәкілетті оператор **22,29 млн** АҚШ долларын астам сомаға **156 956** өтініш орындады. Қаражат уәкілетті операторларға өтініш берушілердің банктік шоттарына есептеу үшін аударылды. Оның ішінде тұрғын үй мәселелерін шешу үшін **14,14 млн** доллар сомасына **98 046** өтініш, білім алу ақысын төлеуге шамамен **8,15 млн** доллар сомасына **58 910** өтініш орындалды. Естеріңізге сала кетейік, нысаналы жинақтарды (НЖ) алушы барлық соманы немесе оның бір бөлігін пайдалануға құқылы. Пайдаланылмаған қалдық нысаналы жинақтау шотында (НЖШ) сақталды.

Тұрғын үй жағдайларын жақсарту аясында қазақстандықтар қаржыларын көбінесе мынадай мақсатта пайдаланды: одан әрі жинақтау үшін тұрғын үй құрылысы жинақтарындағы салымды толықтыруға 13,85 млн АҚШ долларына 95 786 өтініш, тұрғын үй сатып алуға ипотекалық тұрғын үй қарызын алу үшін бастапқы жарнаны енгізуге 101,44 мың АҚШ долларына 755 өтініш және азаматтық-құқықтық мәмілелер бойынша меншікке тұрғын үй сатып алуға (түпкілікті есеп айырысу) 69,88 мың АҚШ долларына 553 өтініш орындалды.

Білім алу ақысын төлеу бойынша ең танымал қосалқы мақсаттар: Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан білім ұйымдарының білім беру қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе бір рет толық көлемде (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (7,38 млн АҚШ долларына 52 574 өтініш орындалды), білім алу үшін жинақтау салымы туралы шарт бойынша білім алу жинақтау салымын толықтыру (527,67 мың АҚШ долларына 4 477 өтініш орындалды), шетелдік білім беру ұйымдарының оқыту қызметтеріне үлестермен (әрбір академиялық кезең немесе оқу жылы үшін) немесе толық көлемде біржолғы (бүкіл оқу мерзімі үшін) ақы төлеу (194,54 мың АҚШ долларына 1 526 өтініш орындалды).

Нысаналы жинақтар төлемін тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу мақсатында пайдалану бойынша уәкілетті операторлар мен өңірлер бөлінісіндегі толық ақпаратпен enpf.kz сайтында танысуға болады.

Нысаналы жинақтар төлемін алу үшін алушыға не оның заңды өкіліне БЖЗК-мен тиісті келісім жасаған уәкілетті операторға жүгіну қажет. Өтінішті «Отбасы

банкі» АҚ, «Қазақстан Халық банкі» АҚ-ның бірінің интернет-ресурсы немесе мобильді қосымшасы арқылы беруге болады. Айтса кетейік, 01.08.2025 ж. бастап аталған тізім «Банк ЦентрКредит» АҚ жаңа уәкілетті операторымен толықтырылды.

Естеріңізге сала кетейік, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасына сай Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының инвестициялық кірісінің 50%-ы жылына бір рет 2006 жылы және одан кейін туған, Қазақстан Республикасының азаматы болып есептелетін балалар арасында бөлінеді. 2023 жылы барлық НЖ алушыларына **100,52 АҚШ доллары**, 2024 жылы – **129,38 АҚШ доллары** есептелгенін хабарлаймыз. 2006 жылы туған азаматтарды қоспағанда, 2023 жылы Ұлттық қордан алғашқы қаражат есептелген балаларға биыл **3,04 АҚШ доллары мөлшерінде инвестициялық кіріс** есептелді. Нәтижесінде, 2006 жылы туған баланың нысаналы жинағындағы қаражат **100,52 АҚШ долларына** тең болса, 2007 жылы туған баланың НЖШ-да **232,94 АҚШ доллары** жинақталды.

Кәмелетке толған азаматтар өздерінің НЖ туралы ақпаратты БЖЗК-ның немесе электрондық үкіметтің интернет-ресурстарындағы жеке кабинеті арқылы өз бетінше алуы тиіс, содан кейін уәкілетті операторға АҚШ долларында банктік шот ашып, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім алу ақысын төлеу үшін НЖ төлеміне онлайн-өтініш беру үшін жүгіне алады.

Нысаналы жинақтар төлемін рәсімдеу үшін алушы не оның заңды өкілі БЖЗК-мен тиісті келісім жасалған уәкілетті операторға жүгінуі қажет. Өтінішті интернет-ресурс немесе «Отбасы банк» АҚ (тұрғын үй жағдайларын жақсарту және білім беру ақысын төлеу мақсатында), «Қазақстан Халық банкі» АҚ, «Банк ЦентрКредит» АҚ (білім беру ақысын төлеу мақсатында) уәкілетті операторларының бірінің мобильді қосымшасы арқылы беруге болады.

Бағдарламаның шарттарымен, қажетті нұсқаулықтармен kids.enpf.kz сайтында және БЖЗК/ЕНПФ YouTube-арнасында танысып, өзіңізді қызықтыратын сұрақтарыңызға жауап аласыз. Сондай-ақ, «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасын іске асыру, бала кәмелетке толғанға дейін және одан кейінгі іс-қимыл алгоритмі туралы бейне нұсқаулықты БЖЗК/ЕНПФ YouTube-арнасында <https://www.youtube.com/watch?v=a9L8N4Q28OM> сілтемесі бойынша көруге болады.

Инвестиции в будущее: совершеннoлетние казахстанцы использовали более 22,29 млн долларов по программе «Нацфонд – детям»

По состоянию на 1 октября 2023 года с момента старта программы (с 1 февраля 2024 года) уполномоченным оператором исполнено **156 956** заявлений на сумму более **22,29 млн** долларов США. Средства переведены уполномоченным операторам для зачисления на банковские счета заявителей. Из них **98 046** заявлений на сумму **14,14 млн** долларов исполнено для решения жилищных вопросов, **58 910** заявлений на сумму порядка **8,15 млн** долларов – на оплату образовательных услуг. Напомним, что получатель целевых накоплений (ЦН) имеет право использовать всю сумму либо её часть. Неиспользованный остаток хранится на целевом накопительном счёте (ЦНС).

При использовании средств на **улучшение жилищных условий** основными направлениями стали: пополнение вклада в жилищные строительные сбережения для дальнейшего накопления (исполнено 95 786 заявлений на сумму около 13,85 млн долларов США), внесение первоначального взноса для получения ипотечного жилищного займа на приобретение жилища – 755 заявлений на сумму 101,44 тыс. долларов США, приобретение жилища в собственность по гражданско-правовым сделкам (окончательный расчёт) – 553 заявления на сумму порядка 69,88 тыс долларов США.

Ключевые направления использования средств для **образовательных целей** включают оплату образовательных услуг организаций образования, расположенных на территории Республики Казахстан, долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объёме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 52 574 заявления на сумму 7,38 млн долларов США), пополнение образовательного накопительного вклада по договору об образовательном накопительном вкладе (исполнено 4 477 заявлений на сумму около 527,67 тыс долларов США), оплату образовательных услуг зарубежных организаций образования долями (за каждый академический период или учебный год) или в полном объёме одновременно (за весь срок обучения) (исполнено 1 526 заявлений на сумму порядка 194,54 тыс долларов США).

С подробной информацией о выплатах целевых накоплений в целях улучшения жилищных условий и (или) оплаты образования в разрезе уполномоченных операторов и регионов можно ознакомиться на сайте enpf.kz.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных пенсионных взносов работодателей, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, а также зачисление в учёт добровольных пенсионных взносов, сформированных за счёт неустрахованной суммы зарплатного возмещения по застрахованному депозиту, перечислений организаций, осуществляющей обязательное застрахование депозитов, в соответствии с Законом Республики Казахстан «Об обязательном застраховании депозитов», размещённых в банках второго уровня Республики Казахстан, обеспечивает осуществление пенсионных выплат. Также Фонд осуществляет учёт целевых активов и целевых требований, учёт и зачисление целевых накоплений (ЦН) на целевые накопительные счета, выплат ЦН их получателям на банковские счета, учёт возвратов ЦН в порядке, определенном Правительством Республики Казахстан в рамках программы «Национальный фонд – детям». (Подробнее на www.enpf.kz).

ОРМАН – ОРТАҚ БАЙЛЫҒЫМЫЗ

Біз – адамзат баласы, табиғаттың төл перзені және ең басты қорғаушысы, күтушісі болып саналамыз. Атадан балаға мирас болып келе жатқан Табиғат-анамызды аялап, көздің қарашығындай сақтау арқылы келер ұрпаққа қаймағы бұзылмаған бүтін күйінде қалдыру – басты парызымыз. Табиғат – тіршілік біткеннің бойына қуат, сезіміне шапағат ұялататын сұлулық пен әсемдік әлемі. Сол сұлулықты жоғалтпай, қастерлей білу әрқайсымызға үлкен міндет жүктейді. Зор жауапкершілікті талап етеді. Атадан мал қалғанша, тал қалсын», «Бұлақ көрсең, көзін аш», «Бір тал кессең, он тал ең» деген ұғымның тәрбиелік мәні зор екенін ұрпақ бойына сіңіре білуіміз қажет.



Әр жылы қоңыр күзде, қазан айының үшінші жексенбісіне белгіленген орман шаруашылығы қызметкерлерінің төл мерекесін Аспантаулар аясындағы Райымбек аудандық «Нарынқол орман шаруашылығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орманшылары биыл да көңіл көркейтер көрсеткіш, зор жетістікпен қарсы алып отыр. Орманшылардың өз кәсібін жетік меңгеріп, міндетін жауапкершілікпен атқаруы таулы өңірдегі табиғат сұлулығының бүлінбей, қаз-қалпында сақталуына өзіндік ықпалын тигізіп келеді.

Нарынқол орман шаруашылығының жалпы жер көлемі – 194066 гектар болса, оның 62042 гектары орманды алқаптың еншісінде. Осынау көлемі көп-көрім аймақ 6 орманшылыққа бөлінген. Орманды қорғау, табиғат байлығын сақтау ісімен 123 адам айналысады. Олардың ішінде 6 орманшы, 6 көмекші, 10 орман шебері, 58 орман күтушісі тікелей өздеріне бекітілген аумақтарда осынау табиғаттың баға жетпес байлығын қорғаумен, көлемін ұлғайтып, молықтырумен шұғылданады. Жыл сайын көктем шығысымен тау беткейлеріне тұқымбақта өсіп-жетілген көшеттерді отырғызу, жаңа отырғызылған екпе көшеттерді жерсіндіру, тұқымбақтарға агротехникалық күтім жасау, плантацияларды жаңартып отыру – тікелей осы орманшылардың жауапкер-

шілігінде. Орманды алқаптарды күту мол тәжірибені қажет ететін болса, орманшыларымыз осынау талап деңгейінен көрініп келе жатқаны анық.

Биыл орман шаруашылығы бойынша 17 гектарға көшет отырғызылды, 22 гектарға қосымша отырғызу жұмысы жүргізілді. 0,4 га тұқымбаққа жаңа тұқым себілді. Екпе орман көшеттерінің жерсінуді 74 пайызды құрады. Келесі жылы 15 га жерге екпе көшеттерін отырғызу, 18 га жерге қосымша отырғызу, 1 га плантация мен 0,4 орман тұқымбағына тұқым отырғызу жоспарлануда. Белгілеген межеге алдын ала дайындық жұмысы жүргізіліп, 130 келі орман тұқымы жиналды. Оның 100 келісі шреңк шыршасының, 30 келісі қайың мен қарағаштың тұқымы.

Мекеме иелігінде 32 орман күтуші үйі бар. Бәрі орман қорғау талабына сай жабдықталған. Табиғатты қорғау, орманды өрттен, тұтқиылдан болатын басқа да табиғи апаттардан сақтау тұрғысындағы үгіт-насихат көрнекі құралдарымен қамтамасыз етілген. Өрт сөндіру құралдары да жеткілікті. Орманшыларға өздеріне бекітілген алқаптарды күзетуі үшін 62 мініс аты берілді. Сондай-ақ 27 тұрақты, 18 автокөліктік, 88 қозғалмалы радиостанса жұмыс істейді. Кордондардың 12-сі электр қуатымен, 17-сі күн нұрымен, 3-еуі жылжымалы электр қуатымен жарықтандырылған. Биыл орман өртінің алдын алу мақсатында Өгізбай сайындағы Өртенсай шекара бекетіне тартылғанына 50 жылға жуықтаған 15 шақырымдық электр желісі «Алатау жарық компаниясының» қолдауымен

қайта жаңартылды. Ойқарағай орманшылығына қарасты Өгізбай сайынан электр желісі тартылатын аумақтағы 298 текше метр жерді ағаштардан тазарту жұмысы толығымен аяқталды. Тозығы жеткен желілері түгелге дерлік заманауи әуе желілерімен ауыстырылды. Аудандық орман шаруашылығы өз өнімі арқылы өзін қаржыландыруда да сүбелі табысқа қол жеткізіп келеді. Мекеме есебіне биылғы жылдың осы мерзіміне дейін 9 млн 600 мың теңге түсті. Әрине, бұл қаражат жылдағы дәстүр бойынша мекеме еңбеккерлерін ынталандыруға, әлеуметтік жағдайларын жақсартуға жұмсалатын болады.

Райымбек ауданы өз алдына қайта шаңырақ көтерген 8 жылға жуық аралықта аудан орталығы мен елдімекендер қызметтік жаңа нысандармен, еуролігідегі тұрғын үйлермен, демалыс орындары, саябақтармен көркейіп келе жатқаны аян. Ауыл іші тал-терек, жас өскіндермен көріктенетіні белгілі. Осынау игі іс орман шаруашылығы еңбеккерлерінің ынта-ықыласы, еселі еңбегі арқылы қаланытынын мақтанш еткеннің айыбы жоқ.

Әрбір адам табиғатқа мейірімділік, сүйіспеншілік, қамқорлықпен қарап, үйлесімділік сақтағанда қоршаған орта, талбесігіміз сәулетті сарай, мәңгі тозбас құтты қоныс болады. Осы бір қағиданы естен шығармағанымыз абзал.

Нұрбол ӘЛИЕВ,
«Нарынқол орман шаруашылығы»
КММ директоры
Райымбек ауданы

ДЕНСАУЛЫҚ

Екпе аурудан қорғайды

Қазақстан Республикасының Үкіметі онкологиялық аурулармен күресу үшін бүкіл елде адам папилломасы вирусына (АПВ) қарсы вакцина енгізуді қамтитын 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын бекітті. Онда бес негізгі бағыт көрсетілген: қауіп факторының алдын алу, жосары тиімділікпен ауруды ерте анықтау, паллиативті көмек және оңалту, мамандандырылған емдеуді, кадр әлеуеті мен ғылымды дамыту.

Адам ағзасы иммундық жүйеге көмектесетін антидене түзіп, вакцинаға жауап береді. Екпе АПВ түрлерінен туындайтын инфекциялардың алдын алуда 100% тиімді болып саналады. Дүниежүзінде АПВ-ға қарсы вакцина 2006 жылдан бері қолданылады. Содан бастап 100 миллионнан астам адам егілді, осы мақсатта вакцинаның 270 миллионнан астам дозасы пайдаланылды. Вакцина әлемнің 135 елінде қыздар үшін, ал кейбір жағдайда ұлдар үшін жоспарлы екпелер күнтізбесі шеңберінде жүргізіледі. Еуропаның 45 елі АПВ-ға қарсы вакцинаны енгізді, жыл сайын олардың қатары көбеюде. ТМД елдерінде вакцина бағдарламасы Армения, Грузия, Молдова, Түркіменстан, Қырғызстан, Өзбекстанда енгізілді.

Иә, АПВ вакцинасын бұрын алған көптеген елде (Австралия, Бельгия, Ұлыбритания, Германия, Дания, Жаңа Зеландия, Норвегия, АҚШ, Швеция және Швейцария) оң нәтиже байқалды. Инфекцияның таралу көрсеткіші және жатыр мойнының патологиялық өзгерістері айтарлықтай төмендеген.

270 млн дозаны пайдаланған және енгізген 10 жылдан кейін АПВ-ға қарсы вакцинаның жатыр мойны обырының алдын алуда тиімді екеніне жеткілікті дәлелдер бар.

Жанаркүл ҮСІМБАЕВА,
«Салауатты өмір салтын қалыптастыру мамандарының ассоциациясы» заңды тұлғалар бірлестігінің директоры
Әсел ТІЛЕУІМБЕТОВА,
ШЖҚ «Қарасай клиникалық көпбейінді орталық аудандық ауруханасы» КМК инфекционист-гепатолог дәрігері

Тұмаудан сақтаныңыз!

Күзгі-қысқы маусымда ауа райының салқындауына байланысты жедел респираторлық вирустық инфекциялар (ЖРВИ) мен тұмаудың таралуы жиілейді. Бұл аурулар адамнан-адамға ауа тамшылары арқылы тез тарайды және барлық жастағы адамдарға қауіпті. Сондықтан әрбір азамат өз денсаулығына жауапкершілікпен қарап, алдын алу шараларын ұстануы қажет.

Тұмау мен ЖРВИ белгілері: дене қызуының көтерілуі; бас, тамақ, бұлшықеттің ауырсынуы; мұрынның бітелуі, жөтел, әлсіздік.

Алдын алу шаралары: иммунитетті күшейту. Дұрыс тамақтанып, дәруменге бай тағамдарды тұтыну қажет.

Вакцина алу. Тұмауға қарсы екпе – аурудың ауыр түрінен қорғайтын ең тиімді әдіс.

Жеке гигиенаны сақтау. Қолды жиі жуып, бетті ұстамауға тырысу керек.

Қоғамдық орындарда бетперде тағу. Әсіресе, адамдар көп жиналатын жерде міндетті.

Бөлмені желдету. Ауа айналымы вирустардың таралуын азайтады.

Ауырып жүрген адамдармен жақын байланыста болмау.

Дене белсенділігі мен таза ауада серуен. Бұл ағзаның қорғаныс қабілетін арттырады.

Егер тұмау немесе ЖРВИ белгілері байқалса, өзін-өзі емдеумен айналыспай, дәрігерге жүгіну қажет. Уақытылы ем қабылдау асқынудың алдын алады.

Қорытындылай келе, әрбір адамның сақтық шараларын ұстануы өз денсаулығын ғана емес, айналасындағылардың да денсаулығын қорғау екенін ұмытпаған жөн.

Ернұр ҚҰРАБАЕВ,
Балқаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы

ТЕМІРҚАЗЫҚ

Тіл үйренудің тиімділігі

Еңбекшіқазақ ауданы Шелек ауылдық округінде «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы ұйымдастырған іс жүргізу курсы қандастар үшін үлкен мүмкіндікке айналды. Қазақстанға атбасын тірер, жаңа өмір бастаған біз үшін тіл үйрену мен іс жүргізу құжаттарын меңсеру – қоғамға бейімделудің басты қадамы.

Курс барысында біз тек әліпбиді меңгеріп қана қоймай, іс жүргізудің қыр-сырына үйілдік. Сабакта әрбір құжаттың құрылымы, ресми тілде жазу ережелері мен талаптары түсіндірілді. Мұның бәрі болашақта мемлекеттік мекемелерде, түрлі ұйымдарда құжат рәсімдегенде таптырмас тәжірибе болмақ. Әсіресе, мұғалімдердің түсіндіру тәсілдері мен практикалық тапсырмалары бізді ерекше қызықтырды. Бір-бірімізге көмектесіп, топ болып жұмыс істеп, үйренгенімізді күнделікті өмірде қолдана бастадық. Қазақ тілін дұрыс меңгеру арқылы елімізге деген сүйіспеншілігімізді арттырып, болашағымызға сенімді бола түстік.

Бұл курс бізге білім ғана емес, жігер де берді. Өйткені тіл үйрену – өзінді табу, ал құжат жүргізуді меңгеру – өз орнында қалыптастыру. Біз алған білімімізді отбасы мен қоғамға пайда әкелетіндей етіп қолданамыз деген сенімдеміз.

Әділ ЖАҢЫЛҒАН,
Алматы облысының «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы
Шелек ауылдық округі филиалының тыңдаушысы
Еңбекшіқазақ ауданы

03.11.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданында орналасқан «Түрген-4» кен орнындағы (Солтүстік учаскесі) құм-қиыршық тас қоспасының жер қойнауын пайдалану объектісін (карьерін) жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «BAI-TAS-2022» ЖШС, БСН: 220240033038, мекенжайы: Алматы қ., Алатау ауданы, «Теректі» ша, Құрылыс көшесі, 1 үй. Тел: 87017515057, sunmoon-05@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 03.11.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации объекта недропользования (карьера) песчано-гравийной смеси на месторождении «Түрген-4» (участок Северный) расположенного в Еңбекшиказахском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «BAI-TAS-2022», БИН: 220240033038, адрес: г.Алматы, Алатауский район, мкр. «Теректи», ул.Курлылы, дом 1, тел: 87017515057, sunmoon-05@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

03.11.2025 ж. бастап 10 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Жамбыл ауданындағы «Үнгіртас-1» құрылыс тасы кен орнының жер қойнауын пайдалану объектісін (карьерін) жою жоспарына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Al-amin capital» ЖШС, БСН: 211240031260, мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Керей-Жәнібек хандар көшесі, 548 үй. Тел: 87017515057, sunmoon-05@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 03.11.2025 г. в течении 10 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к плану ликвидации объекта недропользования (карьера) месторождения строительного камня «Унгуртасское-1» в Жамбылском районе Алматинской области.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Al-amin capital», БИН: 211240031260, адрес: г.Алматы, Медеуский район, ул.Керей-Жанибек хандар, дом 548, тел: 87017515057, sunmoon-05@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

03.11.2025 ж. бастап 5 күн жұмыс ішінде ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында Алматы облысы Қонаев қаласының батыс өнеркәсіптік аймағында орналасқан «Центр Инженерии» ЖШС өндірістік базасына (пайдалану кезеңінде, қолданыстағы объект үшін) «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылаулар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізіледі.

Белгіленген қызметтің бастамашысы: «Центр Инженерии» ЖШС, БСН: 130140016590, мекенжайы: Алматы облысы Қонаев қаласы, Ветеринарлық бекет көшесі, 30 ғимарат. Тел: 87778346161, 2709724@mail.ru.

Жоба материалдарымен ҚО мен ТРЖҰДБ ақпараттық жүйесінің ndbecology.gov.kz сайтында танысуға болады. Ұсыныстар мен ескертулер ndbecology.gov.kz сайтында қабылданады. Экологиялық жобаны әзірлеуші: «Р.А. Құрманғалиев» ЖК, тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

«Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, Қонаев қаласы, Жамбыл даңғылы, 13.

С 03.11.2025 г. в течении 5 рабочих дней на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. проводятся общественные слушания посредством публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» для производственной зоны ТОО «Центр Инженерии» расположенного в западной промышленной зоне г.Қонаев Алматинской области (в период эксплуатации для существующего объекта).

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Центр Инженерии», БИН: 130140016590, адрес: Алматинская область, г.Қонаев, ул.Ветеринарная станция, здание 30, тел: 87778346161, 2709724@mail.ru.

Ознакомится с материалами проекта можно на сайте информационной системы НБД СОС и ПР ndbecology.gov.kz. Предложения и замечания принимаются на сайте ndbecology.gov.kz. Разработчик экологического проекта: ИП «Құрманғалиев Р.А.», тел: 87012775623, rufat.taldyk@mail.ru.

ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области», 329267eco@mail.ru. Тел: 8(72772)23227, г.Қонаев, проспект Жамбыла, 13.

«Өлке тынысы» ЖШС мен Алматы облыстық «Алатау арайы» газетінің ұжымы ардагер-журналист

Азат МҰСАҰЛЫНЫҢ
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

АЛАТАУарайы Бас редактордың бірінші орынбасары: Алма ЕСЕНБАЙ Бас редактордың орынбасары: Болат МӘЖИТ Жауапты хатшы: Шолпан НҰРЖАУОВА ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС Директор: Кәдірбек ҚҰНЫПИЯҰЛЫ Бас редактор: Қуаныш ТҮНҒАТАР	МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР: Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ 8 701 254 97 55 Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАҢБАЕВ 8 701 347 60 32 Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ 8 702 488 56 12 Еңбекшіқазақ ауданы – Құралай МҰРАТҚЫЗЫ 8 700 573 30 11 Іле ауданы, Алатау қаласы – Бағдат ШОЙБАС 8 705 261 50 98 Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ 8 702 213 95 83 Райымбек ауданы – Жұмабек ТҮРДИЕВ 8 777 029 45 22 Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ 8 777 218 63 25 ЖАРНАМА БӨЛІМІ: Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА 8 708 210 95 71 alatau_jarnama@mail.ru 8 747 688 17 41 Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.	Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді «Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.	Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № КЗ22VPY00086933 куәлігі берілген. Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады. М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. Тапсырыс – 1082 «Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792. Кесекші редактор: Айжарық КӨПТІЛЕУОВ
--	---	--	---